

## Хаттама № 4

А.С.Пушкин атындағы орта мектебінде 2023 жылдың 11 желтоқсандағы қамқоршылық кеңесі болып өтті.

Қатысқаны – 9;

Қатыспағаны – 0;

### Күн тәртібінде:

1. 2023 – 2024 оқу жылы бойынша мектеп директорының есебі.  
(Мектеп директоры м.у.а: Ж.Тоқаева )
2. Кәмелетке толмағандар арасындағы қылмыстардың алдын – алу  
(ұрлық, мүлікті сақтау). (Учаскелік инспектор: Т. Ебжасаров)
3. Қамқоршылық кеңестің жылдық жұмысын қорытындылау.  
(ҚК төрағасы: Е.Алмышев)

**Тыңдалды:** Күн тәртібіндегі бірінші мәселе бойынша мектеп директоры м.у.а. Ж. Тоқаева. Биылғы 2023 – 2024 оқу жылын 150 оқушымен бастаған болатынбыз. Мектебімізде 1 – 11 сыныптар арасындағы көп балалы, аз қамтылған, жартылай жетім, әлеуметтік жағдайы төмен отбасы балалар және бастауыш буын оқушылары тегін ыстық тамақпен қамтылды. Оқу – тәрбие салаларындағы барлық жұмыстар жоспар бойынша жүргізілуде. Сонымен қатар мектебіміздің әлеуметтік желілеріне жарияланған бос қызметтер орындары да жарияланып тұрады. Ж. Тоқаева кеңес мүшелеріне мектеп жарғысы өзгерген жағдайда, ұсыныстар бере алатындығын, білім ұйымының даму жоспарын жасауға қатыса алатындығын, мектептегі мемлекеттік емтихандарға қатысу комиссиясына қатысуға міндетті екендіктері айтылды.

**Тыңдалды:** Күн тәртібіндегі екінші мәселе бойынша ауылдық учаскелік инспекторы Т.Ебжасаров кәмелетке толмағандар арасындағы қылмыстардың алдын – алу бойынша жұмыстар жүргізілгенін баяндады. Ішкі істер бөлімінде мектепшілік есепте тұрған оқушылар жоқ екенін айта отырып, түсіндіру жұмыстары жүргізілді. Мектебімізде «Кәмелетке толмағандар арасындағы құқық бұзушылықтың алдын - алу» мақсатында ата – аналар мен мектеп мұғалімдерінен құралған 2023 – 2024 оқу жылына арналған түнгі кезекшілік кестесі бойынша «Занды білу – заман талабы» іс – шаралар жоспарына сәйкес «Түнгі қаладағы балалар» тақырыбында рейд жұмыстары жүргізілді.

**Тыңдалды:** Күн тәртібіндегі үшінші мәселе бойынша ҚК төрағасы Е.Алмышев 2023 – 2024 оқу жылының I жартыжылдық қорытындысы бойынша мектеп пен қамқоршылық кеңесінің мүшелерімен бірлесе жұмыстар атқарылды. Жыл бойына мектепшілік іс – шараларға, қайырымдылық акцияларға қатысып, қолдау көрсетіп отырылды. Қамқоршылық кеңесі оқу – тәрбие үрдісінің жақсаруын арттыруға , мектептің барлық кеңестерінің мүшелерін мектептегі іс – шараларын

ұйымдастырып қатыстыруға , өзін –өзі басқару жұмысының ашықтығын қамтамасыз ету мақсатында жұмыстар атқарылды.

**Қамқоршылық кеңес шешімі:**

1. 2023 – 2024 оқу жылында қамқоршылық кеңесінің жұмыстары одан әрі белсенді жүргізілсін;
2. Жоспардағы іс – шаралар мерзімге сай орындалсын;

Қамқоршылық кеңес төрағасы:  Е.Алмышев

Кеңестің хатшысы:  Г. Оразова

